



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Үндістанның «Кіндік» кезеңіндегі діни
және рухани ізденістер



Дәрістің мақсаты: Үндістандағы осы уақыт кезеңіндегі діни және философиялық ізденістер туралы айқындау.

К. Армстронг Карл Ясперс атты философпен XX ғасырдың ортасында «Тарихтың қайнар көзі мен оның мақсаты» атты еңбегінде енгізілген «Кіндік кезеңі» түсінігін қолданады. Карен: «Б.д.д. VIII–II ғғ. аралығын «Кіндік кезең» деп атау қабылданған, өйткені, осы алты ғасыр ішінде өркениетті әлемнің шешуші аймақтарында халықтар жаңа, бетбұрысты және ілгерішіл идеологиялар қалыптастырды», – деп жазады. Ясперстің өзі көпшілікке мәлім түсінікті былай анықтайды: «...Бұл дүниежүзілік тарихтың кіндігін б.з.б. 800 бен 200 жылдар арасында жүрген рухани процесс уақытына шамамен б.з.б. 500 жылға жатқызған жөн болар. Сол дәуірде тарихтағы ең айқын өзгеріс орын алды. Қазіргі күнге дейін сақталған адам типі пайда болды. Бұл уақытты біз қысқаша кіндік кезеңі деп атайтын боламыз».

Үнді діні мен мәдениеті. Үндістан кейде тек қана түбек емес, ал айрықша таңғаларлық өзіндік жолмен дамыған ерекше арал, тіпті құрлық болып көрінеді. Климат пен ландшафт халықтың діліне әлбетте ықпал етеді. Үндістанда Брахман тек қана брахман қолынан тағамданады, ұшынып қалмауы үшін басқа кастаның аспазының қолынан тамақ жемейді. Бұл касталық бөліністің еркінсіп кетуі соншалықты, аяғында алғашқы мәнін жоғалтты.

Карен Армстронг: «Б.д.д. XVII ғасырда қазіргі Иран жерінен Үнді алқабына арийлер баса көктеп кіріп, жергілікті халықты тез бағындырды. Арийлер жергілікті халыққа «Ригведа» деп аталатын гимндер жинағында баяндалған өз діни түсініктерін таңды. Бұл киелі мәтіндерде көптеген Құдайлардың аттары аталып, олар шамамен Таяу Шығыстық Құдайлар тұтынған құндылықтарға табан тіреді, яғни табиғат күштеріне билік, жан және даралық дарытты. Дегенмен «Ригведада» көптеген Құдайлардың бетперделерінің артында ұлы да жалғыз құдіретті Абсолюттің жүзі жасырынғандығы туралы түсініктің белгілері байқала бастайды.

Веда діні. «Веда діні өмірдің пайда болуын түсіндіруге және философиялық сұрақтарға дәл жауап беруге тырыспады. Ол адамдарға тек болмыстың сыры мен тылсымына етене болуға көмектесті. Ведалар жауап іздеуден гөрі сұрақтарды көп қойды; олардың міндеті адамдардың рухындағы ризашылық таңданыс күйіне демеу ғана болды», – деп жазады.

Алайда Ведалар діні күрделі, мұқият құрбандыққа шалу салттары арқылы айналадағы әлемді тәртіп пен гармонияға шақыруға тырысқан. Бұл жоралар барысында Құдайлардың осы әлемді жарататын әуелдегі оқиғаларды жаңадан қалпына келтіруі керек еді. Мұндай ритуалдың әрбір мүшесі алдын ала белгілі сценарий – әрекет пен сөздері нақты қайталап қоя салмай, толық жинақталған болып, салтқа ойы мен эмоциясымен қатынасуы лазым еді.

К. Армстронг айтады: «Ведалық дәстүр бойынша құрбан шалу рәсімдері кезінде діндар адамдар Брахман деп аталған қасиетті күшті сезінді. Дәл осындай күш абыздардың (брахмандар немесе браминдер) бойында бар деп есептелді. Құрбан шалу рәсімі кезінде әлемді кішігірім күйде елестеткендіктен, «Брахман» ұғымы уақыт өте келе дүниені тұтас қамтитын күшті білдірді. Әлем Брахманның жұмбақ табиғатынан туындайтын, бүкіл болмыстың құпия мәні ретінде танылып, құдайлық әрекет деп қабылданды».

Брахман (Брахма Құдаймен шатастырмау керек) – барлық нәрсе мен құбылыстың бастауы, әлем рухы, (басқа Құдайларға қарағанда) адамнан жоғары Абсолют. Абсолют «сөзсіз, шексіз, қатынассыз, кемел» дегенді білдіретін латындық термин, яғни Брахман монотеизмнің бір Құдайына жақын. Дегенмен К. Армстронг айтқандай: «Индуизмге дін ретінде жалпы анықтама беру мүмкін емес, өйткені ол догматикадан қашық жүреді де оларда бір ғана дара түсіндірме жоқ. Б.з.б. 1 мыңжылдықта Үндістан түбегінде өмір қатты өзгеріске ұшырайды. Арийлік басқыншылардың Ведалық діні ықпалын жоғалтады. «Құрбандық пен рәсімнің өзі адамды қанағаттандырмайтын болды; ол ендігі жерде осы салттардың құпия мағынасын түсінуге ынталанды. Құдайлардың бейнесінен жер бетінен жырақта мекендейтін, табиғаттан тыс болмысты көру ескіре бастады. Адамдар ақиқатты өзінен табу мақсатын алға қойды», – деп түсіндіреді Карен Армстронг және былай жалғастырады: «Арийлер жаулап алғаннан кейінгі көптеген ғасырлар бойы жергілікті халықтың жаншылып келген идеялары қайта бас көтерді және дінге ықылас сезімін күшейтті. Адам тағдыры түгелдей өз әрекеттерімен анықталады деген түсінік беретін карма идеясына деген қызығушылық қайта туындайды. Осылайша адамдардың жауапсыз мінез-құлқының күнәсін Құдайларға аудару тоқтатылды».



«Карма заңы – адамды әлемге, сансара дөңгелегіне байланыстырып, оны шексіз қайта түрленуге айыптайтын жалпыға бірдей себептілік заңы», – деп түсіндіреді Мирча Элиаде.

Буддизм. Бұған алып баратын ең тіке жолды б.з.б. 6 ғасырда Шакьямуни тегінде өмір сүрген ханзада тапқан еді. Кейбір авторлар Шакьямуни тегінің атын сақтармен байланыстырады. Мұның да негізі болуы мүмкін. Себебі ең көне тарихшылар да Үндістанның патшалық-әскери табы шынымен де сақтар мен ғұндардың ұрпақтарынан құралғандығын мойындайды.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Осытік уақыт кезіндегі біздің ата-бабаларымыздың мәдениеті туралы заманауи ғылымға не белгілі?
2. Карма туралы Сіздің пікіріңіз қандай? Сіз ол бар деп есептейсіз бе? Басқа діндердегі сәйкес қандай түсініктермен карманы салыстыруға болады?
3. Ведалық «ашвамедха» рәсімін сипаттаңыз. Оны басқа мәдениеттердегі құрбандық шалу рәсімдерімен, мысалы, Исламмен салыстырыңыз.
4. Буддизмнің – Махаяна (Үлкен арба) және Хинаяна (Кіші арба) бағыттарын, сонымен қатар, Б.Акуниннің детективтік романы «Алмазды арба» романында сипатталған бір экзотикалық бағытын сипаттаңыз.
5. Буддизм қазіргі кездегі бұқаралық мәдениетке қалай ықпал етті?
6. Қазақстандағы буддизм туралы айтыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Кіндік уақыттың авторы кім? Ол қандай тарихи кезеңдерді қамтиды? Кіндік уақыттың мазмұны қандай?
2. «Ригведа» деген не? Болмыс құпиясын ол қалай түсіндіреді?
3. Брахман деген не? Оның монотеизмдегі Құдайдан айырмашылығы неде?
4. Карма деген не?
5. Йога деген не?
6. «Сансара дөңгелегі» және нирвана деген не?
7. Будда бойынша азаттыққа қалай жетуге болады?

Қосымша ресурстар

1. Карл Ясперс. Смысл и назначение истории. М., 1991.
2. Мирча Элиаде. Йога: Бессмертие и свобода. Киев, 2000.
3. Пятигорский А. М. Лекции по буддийской философии. СПб, 2004.